

Қор нарықтары...

Қор индекстері	Мәні, теңге	Күндік өзгерістер	Жыл басынан өзг.
АҚШ			
S&P 500	6 976	▲ 0,54%	▲ 18,9%
NASDAQ	23 592	▲ 0,56%	▲ 1,5%
DJIA	49 408	▲ 1,05%	▲ 16,5%
CBOE Volatility Index (VIX)	16	▼ -6,31%	▼ -8,9%
Еуропа			
FTSE 100	10 342	▲ 1,15%	▲ 25,2%
DAX	2 109	▲ 1,10%	▲ 23,6%
Азия			
Hang Seng	26 776	▼ -2,23%	▲ 36,4%
Nikkei 225	54 001	▲ 1,27%	▲ 35,4%
Shanghai SE	4 016	▼ -2,48%	▲ 23,1%
Қазақстан			
KASE	7 594	▼ -1,41%	▲ 33,7%

Өсу және құлдырау көшбасшылары S&P 500



Дүйсенбі күні қор нарықтары өсіммен жабылды: S&P 500 индексі 0,54%-ға өсіп, \$6 976,44 деңгейіне жетті; Nasdaq Composite 0,56%-ға көтеріліп, \$23 592,11 болды; ал Dow Jones Industrial Average (DJIA) 1,05%-ға қымбаттап, \$49 407,66 деңгейінде қалыптасты. S&P 500 индексіне кіретін 11 сектордың 7-еуі сауда барысында өсім көрсетті. Өсім бойынша көшбасшылар Consumer Discretionary (+1,6%), Information Technology (+1,4%) және Industrials (+1,1%) секторлары болды. Ал Energy (-2,2%), Utilities (-1,4%) және Real Estate (-1,2%) секторлары аугсайдерлер қатарында қалды.

S&P 500 секторларын талдау	Market Cap	Күндік өзгеріс	Айлық өзгеріс	Жылдық өзгеріс
Communication Services	11 708 025 379 496	-0,4%	-1,6%	13,4%
Consumer Discretionary	7 023 573 657 024	1,6%	2,1%	11,7%
Consumer Staples	3 511 873 750 757	0,3%	7,6%	4,3%
Energy	1 833 315 475 838	-2,2%	6,1%	10,3%
Financials	8 332 134 602 988	0,5%	-2,4%	5,8%
Industrials	5 127 370 547 782	1,1%	4,4%	18,0%
Information Technology	19 976 206 891 298	1,4%	2,6%	30,1%
Materials	1 130 696 272 821	0,7%	6,8%	11,7%
Real Estate	1 104 424 375 958	-1,2%	1,1%	-5,3%
Utilities	1 246 823 439 950	-1,4%	0,7%	11,6%
Health Care	5 825 341 575 589	0,3%	0,2%	3,9%

Дүйсенбі күні АҚШ-тың қор нарықтары өсіммен аяқталды, бұған микрочип өндірушілердің, сондай-ақ жасанды интеллекттің дамуына тікелей байланысты компаниялардың акцияларының қымбаттауы ықпал етті. Сонымен қатар шағын капитализациялы компаниялар акцияларының айтарлықтай өсуі инвесторлардың жалпы оң көңіл күйін күшейтті.

Егер бұған дейін инвесторлар бағалы металдарға белсенді түрде қаражат құйып келген болса, қазіргі кезде нарықта бұл позициялардың жаппай жабылуы байқалуда. Күміс бағасы жұма күнгі 30%-дық құлдыраудан кейін тағы 5,5%-ға төмендеп, кемінде 1980-жылдардан бергі ең ірі екі күндік құлдырауға жақындады. Ал алтын бағасы өткен аптаның соңындағы 9%-дық төмендеуден кейін тағы 3,4%-ға арзандап, 2013 жылдан бергі ең үлкен бір күндік құлдырауды тіркеді.

Нарық қатысушыларының айтуынша, сатылым қысымын күмістің фьючерстерімен сауда жасайтын бірқатар қытайлық қорлардағы жағдай күшейтті. Бұған қоса, CME биржасының алтын мен күміске қатысты негізгі фьючерстік келісімшарттар бойынша маржальық талаптарды арттыруы инвесторларды позицияларын жедел қысқартуға мәжбүр етті.

KASE акциялары	Мәні, теңге	Күндік өзгеріс	Жылдық өзгеріс
Халық Банк	399	-1%	45,8%
Банк ЦентрКредит	4 778	1%	108,5%
Kcell	3 304	0%	-2,2%
Казатомпром	39 350	-6%	92,4%
КазТрансОйл	958	-1%	16,4%
KEGOK	1 472	0%	-3,2%
Kaspi.kz	38 630	-3%	-29,6%
КазМунайГаз	24 255	1%	65,8%
Эйр Астана	870	0%	-23,9%

Теріс көңіл күй мұнай нарығына да әсер етті. Дональд Трамптың Иранның Вашингтонмен «байыпты келіссөздер жүргізіп жатқаны» жөніндегі демалыс күндеріндегі мәлімдемелерінен кейін мұнай бағасы шамамен 5%-ға төмендеді. Бұл сөздер АҚШ-тың Иранға қарсы жақын арада әскери соққы беру қаупі азайғанының белгісі ретінде қабылданып, мұнай бағасындағы геосаяси үстеманың қысқаруына әкелді.



Сонымен қатар инвесторлардың назары біртіндеп корпоративтік есептілік маусымына ауысып отыр. Осы аптада S&P 500 индексіне кіретін компаниялардың шамамен төрттен бірі қаржылық нәтижелерін жариялайды. Қазіргі өзінде жарияланған есептер акцияға шаққандағы пайданың жылдық мәнде орта есеппен 11%-ға өскенін көрсетіп отыр, бұл нарықтың 7% деңгейіндегі консенсус-болжамынан айтарлықтай жоғары. Ерекше назар Alphabet, Amazon және AMD сияқты технологиялық алпауыттардың нәтижелеріне аударылуда, әсіресе Microsoft компаниясының өткен аптадағы әлсіз көрсеткіштерінен кейін олардың шығындары мен жасанды интеллектке салынған инвестициялардың тиімділігі маңызды болып отыр.

Валюта	Мәні, теңге	Күндік өзгеріс	Жылдық өзгеріс
USD/KZT	505,00	0,47%	-0,3%
RUB/KZT	6,40	0,00%	0,0%
CNY/RUB	10,75	1,87%	-2,2%
EUR/USD	1,1789	-0,50%	0,6%

Есептілікке деген үміт аясында Alphabet акциялары 1,9%-ға өсіп, тарихи ең жоғары деңгейін жаңартты, ал Amazon қағаздары 1,5%-ға қымбаттады. Екі компания да алдағы тоқсандық есептерін жариялауға дайындалып жатыр, бұл жаңандық жасанды интеллект технологиялары үшін бәсекеде күштердің қалай бөлінгенін айқынырақ көрсетуі мүмкін. Ал жасанды интеллектке негізделген деректерді талдаумен айналысатын Palantir компаниясының акциялары есеп жарияланар алдында 0,8%-ға өсті.

Жартылай өткізгіш өндірушілер де жасанды интеллект инфрақұрылымына арналған компоненттерге тұрақты сұраныстың арқасында өсім көшбасшыларының қатарында болды. SanDisk акциялары 15,4%-ға күрт қымбаттады, Advanced Micro Devices қағаздары 4%-ға өсті, ал Micron Technology акциялары 5,5%-ға көтеріліп, сектордың болашағына қатысты инвесторлардың оптимистік көзқарасын растады.

* Өзгеріс базистік пункттермен көрсетілген, 1 б.п. = 0,01%
Дереккөз: Refinitiv Eikon



Дереккөз: Refinitiv Eikon

Біздің Centras Securities Telegram-арнамызға жазылыңыз немесе сілтеме арқылы өтіңіз <https://t.me/centrassecurities>

Біздің сайт: <https://cesec.kz/>

Байланыс



Аналитика департаменті

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 722)

Эл.адрес:
analytics@centras.kz

Брокерлік қызмет көрсету

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 608)

Эл.адрес:
broker@centras.kz

Сауда операциялары департаменті

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 730)

Эл.адрес:
trade@centras.kz

Сату департаменті

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 754)

Эл.адрес:
broker@centras.kz

Осы материалды АҚ "Сентрас Секьюритиз" -тің аналитика бөлімі дайындаған. Бұл жарияланған материал тек ақпараттық сипатқа ие және АҚ "Сентрас Секьюритиз" тарапынан қандай да бір қаржы құралдарын сатып алу, сату немесе қандай да бір мәмілеге қатысу туралы ұсыныс болып табылмайды. Бұл құжатта келтірілген ақпарат Bloomberg және KASE сияқты "Сентрас Секьюритиз" -тің сенімді деп санайтын дереккөздерден алынған. Алайда, АҚ "Сентрас Секьюритиз", оның басшылығы мен қызметкерлері мұндай ақпараттың дәлдігіне, толықтығына және шынайылығына толық кепілдік бермейді және оны пайдалануға байланысты туындауы мүмкін клиент шығындары үшін жауапты емес. Бұл құжатта келтірілген бағалаулар мен пікірлер Компания аналитиктерінің жеке қорытындыларына негізделген. Аналитиктердің сыйақысы олардың дайындаған аналитикалық шолуларының мазмұнына немесе берген ұсыныстарының сипатына байланысты емес. Бұл ақпарат көпшілікке таратуға арналмаған және АҚ "Сентрас Секьюритиз" -тің алдын ала жазабаша рұқсатынсыз толықтай немесе ішінара көшіруге, таратуға немесе жариялауға болмайды.

Сентрас Секьюритиз, 2025 ж.